


Мектепалды даярлық «Б» сыныбының тәрбие-педагогикалық-білім беру процесінің циклограммасы

Бейтөмен:

Оқу ісі жөніндегі аралықтар:  Абдикәделова А.Ж.

Сынып жетекшісі: М.М.Мақсұт

Білім беру ұйымы: М. Жүмбаев атындағы ЖББӨМ

Мектепалды даярлық О «Б» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: IV-апта: 19-23.09 қыркүйек 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бөйсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларға көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жағлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиенің толық аты - жөнін атап еске алуды үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пісірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кездесу, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алынғандығын ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алынғандығын ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінін білдіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тамақтарын тауысын жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тамақтарын тауысын жеуге үйретулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. Дидактикалық ойын: "Атын атап бер" Мақсаты: көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту. Табиғат бұрышында еңбек ету.	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымьранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымьранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді	Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру. Дидактикалық ойын: "Атын атап бер" Мақсаты: көктем гүлдері туралы	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымьранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Апта тақырыбы бойынша суреттерді

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: -«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; . Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету</p> <p>Дидактикалық ойын: «Жасырынған ойыншықты тап». Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайда қолданылатынын түсін айтып береді</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Жіңішке дауысты дыбыстар» Мақсаты: жіңішке дауысты дыбыстармен таныстыру Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «Ә» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Жуан,жіңішке дауысты дыбыстар» Мақсаты: Жуан және жіңішке дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру</p> <p>Д/ойын «Суретті дұрыс тап» Мақсаты. - суреттегі заттардың жуан дыбыстан басталатынын табу</p>	<p>Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дауыссыз дыбыстар» Мақсаты: Дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру Д/ойын «Сөз ойла ,тез ойла» Мақсаты:-дауыссыз дыбыстары бар сөздерді атау</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Әкесі мен балалары » Мақсаты: сурет бойынша әңгіме құрау,ауызекі тіл сөйлеуге үйрету</p> <p>Әңгімені сурет бойынша баяндап беру, жалғастырып айту</p>
Үзіліс					

Тұрақты сөз тіркестерінен құралған санамақ

Мақсаты: Сандарды жаттау, санауды дамыту.

Бір ауыз сөз,
Екі айтпайтын адам.
Үш қайтара сәлем,
Төрт түлік мал,
Бес уақ намаз,
Алты алаш,
Жеті қабат жер асты,
Сегіз қырлы жігіт,
Тоғыз торау жол,
Он сақа ой.



Ойын: «Үкі».

Мақсаты: Үкінің немен қоректенетінін және қай уақытта жүретінін үйрету.

Ойынның шарты: Тәрбиеші үкі болады. Ол ұясында отырады. Басқа балалар құрт-құмырсқа, көбелек, бақа болып секіріп жүреді. Тәрбиеші «түн» дегенде бәрі тоқтап қалады. Үкі аңға шығады, қозғалған ойыншыны көріп ұясына алып кетеді. Тәрбиеші «күн» дегенде барлығы жүгіріп ойнайды. Үкіні ауыстыруға болады. Кімді үкі ұстаған жоқ сол жеңімпаз атанады.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған орта
Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан»
Мақсаты: -«Отан» деген сөздің мағынасын түсіну, еліміздің өркендеуіндегі президенттің рөлі туралы білу. Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айта алу дағдыларын арттыру

Ел тынысын тереңінен танып кең, Шарапаты бар адамға дарып тең. Елбасының есімі бұл тарихта Қалар анық өшпес алтын әріппен. -Өлең сөздерін қалай түсінесіңдер?

Математика негіздері
Тақырыбы: «3 және 4 сандары»
Мақсаты: цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру

«Артық затты тап» кестесі.
Төрт суреттің әрқайсысынан артық затты тап. Неліктен оның артық екенін түсіндіріңдер. Топтардың әрқайсысында неше зат қалғанын түсіндір. Топтардың әрқайсысында неше

Математика негіздері
Тақырыбы: «3 және 4 сандары»
Мақсаты: заттарды санай алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрету

Мәшинелерді санаймыз. Қуыршақтарды санаймыз. Мәшинелер саны 3 нүктемен белгіленеді. Қуыршақтар саны 4 нүктемен белгіленеді

Математика негіздері
Тақырыбы: «5, 6 сандары»
Мақсаты: - 5, 6 сандарын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру


Неше моншақ бейнеленгенін санаймыз балалар үстелдерде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады. Енді неше моншақ болғанын қайта санаймыз

Қоршаған орта
Тақырыбы: « Ағаш және бұта»
Мақсаты: Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету.

«Мен қандай пайда әкелемін?» атты дидактикалық ойын ұйымдастырады.
Педагог балаларға түрлі нысандардың суреті салынған карточкаларды көрсетеді. Дұрыс жауап берген балаға фишка

		<p>зат бар? Бүгін қандай сандармен танысатынымызды кім айтады? Артық затты тауып, оның неліктен артық екенін түсіндіреді. Қалған заттарды санайды. Олардың үш-үштен екенін анықтайды</p>		<p>(алты). тапсырма. 6 моншақты бастырып сызындар және оларды бояндар.</p>	<p>(текше) береді. Нысанның әкелетін пайдасы туралы көбірек айтып беруге тырысады. П: Ағаштардың қандай пайдасы бар? Б: Ыстықта сая болады, ауаны салқындатады. Жапырақтары мен жәндіктер қоректенеді. Құстар үшін де пайдалы. Оның бұтақтарына құстар ұя салады. Күрделі сұрақ: ағашқа қарап жел соғып тұрғанын білуге бола ма? Балалар өз болжамдарын айтады. Егер бұтақтар шайқалып тұрса, жел соғып тұр деген сөз. Желдің қуатын анықтайды</p>
Үзіліс					

Ойын– жаттығу:
«Жәндіктердің қимылын жасайық»



Құрылымдалған ойын:

Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»

Мақсаты: Балалардың көру қабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.

Шарты: Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер. Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.

Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау)

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі

Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым»

Мақсаты: Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екіпінмен үзілістермен жаттауға үйрету

Қазақ тілі

Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым»

Мақсаты: Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін

Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым»

Мақсаты: : Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтард

Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым» (өлеңді жаттау)

Мақсаты: Ойыншықтар туралы түсінігін тиянақтау. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға

Шығармашылық

бейнелеу әрекеті (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)

Тақырыбы: «Торсық» (Түрлі түсті қарындаштар)

Мақсаты: - балалардың торсық жайлы білімдерін

	<p>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». «Қуыршақтар» қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар. Диалог: Бала: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық? Бала: Ойыншық мәшине. Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. т.б. Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар болады</p>	<p>дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу Ойын «Кім жылдам?» . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады. Педагог шағын мәтін құрайды. Біздің топта ойыншықтарымыз көп. Ойыншықтар ойын бұрышында тұрады. Ойыншықтарды жинау керек. Таптаза ұстау керек. Оларды жуу керек. Ойыншықтарды сындырмай, лақтырмай ойнау керек</p>	<p>ы бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу Сылдырмақпен би Қолымызда сылдырмақ Сылдыр, сылдыр етеді. Аяғымыз тыпырлап, Өзі билеп кетеді. Тып, тып, тып, тып. Тыпылдатып биге шық. Қолымызда сылдырмақ, Сыңғырлата қағамыз. Сол аяқ пен оң аяқ Басуын тез табамыз. Тып, тып, тып, тып</p>	<p>жауап беруге дағдыландыру Тепсең-ақ секіріп, Ұстатпай қашады. Бір жерге бекініп, Тұра алмай жатады. Ол не? (Don) Доппен біз не істейміз? Балалар, бүгін біз ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым» өлеңімен танысамыз. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіреністерін әсерлі етіп жеткізеді.</p>	<p>арттыру, торсықты дұрыс сала блуді үйрету -- ыдыстар туралы түсініктерін кеңейту -саусак қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; ою атауларын еске түсіру - қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру Топтық жұмыстар жүргізу</p>
--	---	--	--	---	---

Үзіліс Жүгіруге арналған ойындар « Көбелектер бақалар»

Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді. **Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады.




Ойын: «Көбелектер бақалар»

Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.

Ойын

барысы: Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Ұлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады.

Ұсыныс: ойында көбелектер, бақалар болып балалар ойынаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру
Тавқырыбы: «Күзгі орманда»
Мақсаты: модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін түсіндіру

Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар» (4 рет).
Шарты: қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіру қажет. Залдың бір шетінде сап түзеп тұрады. «Қасқыр» зал ортасында орналасады.

*«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ.
 Кетесің кейде секеңдеп,*

Музыка
Тақырыбы: «Көңілді ырғақтар»
Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау

Музыка тыңдау:
 «Вальс» (Қ. Шілдебаев),
 «Полька» (М. Красев),
 «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)
Ән айту:
 «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)
 «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)
 Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
 «Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)
Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені)
 Ойындар, хороводтар:

Дене шынықтыру
Тавқырыбы: «Ұлттық ойындар»
Мақсаты: Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету

«Тастар» (орыс халқының ойыны)
 «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру. Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады. Ал келесі лақтырғанда алақандарын теріс

Дене шынықтыру
Тавқырыбы: «Қалай спортшы болуға болады?»
Мақсаты: алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеу, сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүру машықтарын арттыру

Зейіндерін жаттықтыру. (5 рет)
 Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?» Ойынның шартын түсіндіреді. Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді (балалардың қалауы бойынша). Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп). Балалар зал бойынша

Музыка
Тақырыбы: «Біздің аспаптар»
Мақсаты: Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру

Ән айту:
 «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)
 «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)
 Музыкалық-ырғақтық қимылдар:
 «Марш» (В. Дешевов)
Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Жұптасу биі» (чех х. әуені)
 Музыкалық аспапта ойнау:
 «Еркем-ай» қазақтың

	<i>Байламаса көкем кеп».</i>	«Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)	қойып, тастарды қағып алуға тырысады	жүгіріп жүріп, белгі берілгенде тізбекке келіп тұрады. Сонан соң көздерін жұмады, осы кезде капитандар орындарын стырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен отырады	халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Еңбек	Топты жинастыру	Еден жуушыға көмектесу	Гүлдерге су құю	Ойыншықтарды жинау	Гүлдің түбін қопсыту
Мақсаты: -балаларды еңбекке баулу, ересектердің еңбегін бағалау					
Қимылды ойындар	«Бір аяқпен жолдан секіру»	« Құнан шабысы»	«Такси»	: «Оқтау тартыс»	«Көбелекті ұстап алу»
Мақсаты: -балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу					

Жеке жұмыс	Ералыға үнді дыбысты (Р) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Мединаға қатаң дыбысты (Қ) дұрыс дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Нұржанға 5-ке дейін кері қарай санауды бекіту. Геометриялық пішіндерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету	Айжанға «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға, «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	Қадишаға жыл мезгілі туралы білімін жетілдіру
Балаларды үйге қайтару	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.